

**«Общественная позиция»
(проект «DAT» № 05 (42) от 3 февраля 2010 г.**

NOTA BENE

МЕРЕЙТОЙЛЫҚ МАДАҚ

президенттің бұл жолғы жолдауы осыған негізделді

Сонымен, президент Назарбаев дәстурлі, жыл сайынғы Жолдауын жария етті. Қарап отырсам, оппозицияда жүріп, мен дәл осы құжатқа арнап он шақты мақала жазыппрын. Олардың ішінде бір-бірінен аумайтын әрі жыл сайын қайталанатын тұстар бар екен.

Яғни өткен жылғы Жолдауда айтылған мақсаттардың орындалуы не орындалмауы туралы есеп жоқ. Орын алған олқылықтарға жауапты адамдар аталмайды. Биліктің өз-өзін орынсыз көп мақтауы. Оның есесіне билік институттарына қатысты титтей болса да сынның жоқтығы. Өткен Жолдау мен жарияланған Жолдаудың кейде бір-біріне қисыны келмеуі. Тағысын тағы дегендей...

Бұл жолы да солай болды. Баяғы жолдау, бір жолдау. Сондықтан тағы да тәптіштеп, оқырманымның басын қатырмай-ақ қояйын. Оның орнына биылғы Жолдаудың бұрынғылардан бөлек ерекше, ең басты екі сипаттың атаяын.

Біріншіден, бұл Жолдау анау-мынау емес, ме-рейтойлық Жолдау! Яғни келе жатқан Назарбаевтың 70 жылдығына арналған туынды. Сондықтан да бұл жолы конституциялық мәртебесі бар бұл мемлекеттік құжаттың идеологиясы бұрынғыдан бөлек болды.

Яғни мерекелік жылда мерейтой иесінің көніл қүйін ештеңе бұзбауға тиіс! Ел іші мен сыртында болып жатқан алуан түрлі оқиғалардың оның қуанышына қылау түсірмегені лазы姆. Сондықтан да биылғы Жолдаудың өн бойы бұрынғылардан гөрі мақтампаздық пен маңғаздыққа ерекше толы. Келтірілген цифрлар мен көрсеткіштер, алға қойылған жоспарлардың асқақтығы – соған дәлел!

Әрине, президент басқарған билік жүйесінің атқарып жатқан қызметін түгелдей жоққа шығарып, ауызды құр шөппен сұртуге мүлде болмас.

Дағдарысқа қарсы кейбір шаралар шын мәнінде ұтымды болды.

Экономика әзірше коллапсқа ұшыраған жоқ. Сонымен бірге Жолдауда жария етілген кейбір әлеуметтік-экономикалық бастамалармен келіспеу де жараспас. Мәселен, кейбір әлеуметтік шаралар, серпінді инновациялар саясаты, орта және шағын бизнесі қолдау, құқық қорғау органдарын реформалау, құрылымы саласын қаржыландырудары жаңалықтар және басқалар. Алайда бюджеттен бөлінген қыруар қаржының жұмсалуына қоғамдық бақылаудың жоқтығы экономикамыздың болашағына әлі де болса күмәнмен қарауға мәжбүр етеді.

Президент те бас жаққа, дәлірек айтсақ, ақша жаққа бара қоймады.

«Қанша жұмсалғанын өздерін білесіңдер ғой» деп ишаралап айтумен ғана шектелді. Осы сөздерді 16 миллион халқына емес, залда жиналған шенеуніктерге айтқаны айдан анық. Қарапайым жүрт ол ақшаның кімнің қалтасына түскенін қайдан білсін! Банктер мен бизнеске берілген көмек берекелі болмады. «Жол картасы» кәнігі көзбояушылардың «қол картасына» айналып кетті!

Айтып-айтпай немене, әйтеуір, мерейтойлық мадақ пен мақтанудың салқыны ел экономикасына өз салқынын тигізбесе болар еді...

Екінші себеп – мер-зімдік. Егерде бұдан бұрын президент әр жолдауын көбіне-көп өткен жыл мен келесі жылға арнаса, бұл жолы шолуды анау 2000 жылдан бастап, жоспарын сонау 2020 жылдан бір шығарды! Бір қызығы сол – келесі 2011 жылы ол кісі тағы да соны қайталай ма?

Мұндай он жылға бір-ақ «секірудің» жалғыз ғана себебі бар. Ол – өткен жылғы қам-қарекетке байланысты жауапкершіліктен қашу! Онда, кейбір сарапшылар айтқандай, былтырғы экономикалық көрсеткіштер шынымен де мәз болмағаны ғой. Әйтпесе жолдау тек жетістіктерге арналып, олар туралы қайран «Қазақстан» мен халуа татитын «Хабар» құні-тұні жарапазандап, мазамызды алар еді ғой.

Бұл екеуі – жолдаудың басты ерекшеліктері. Сонымен бірге оның тағы да басқа, айтпай кетуге болмайтын, «шағын» тұстары бар.

Мәселен, президент дүйім жүрттү дүрліктірген екі шұлы мәселеге қатысты өз пікірін білдірmedі. Ол – билік ұсынған дүдәмал доктрина мен Қытайға жалға берілуі мүмкін қазақ жері туралы әңгіме. Әрине, елді ынтымақ пен бірлікке шақыруын бірінші сауалға, ал «өз тауарымызды сата алмасақ...» деген үәжін екінші сұраққа жанамалай жауап деп түсінуге де болар. Ауыл шаруашылығы министрінің соя мен рапстан орасан пайда табамыз деген сөзімен әбден үндес. Бірақ гулеп жатқан жүрт үшін бұл мұлдем жеткіліксіз!

Президенттің осы мәселелерді ашық талқыламауы – я пікірі қалыптаспағаны, я... осыған дейін жарияланған ресми көзқараспен келіскеңі. Қазіргі жағдайда осы екеуі де оған абырой әкелмесі анық. Соны президент түсінер ме екен?

Женістің 65 жылдығына орай әрбір Ұлы Отан соғысының ардагеріне небәрі 65 мың теңге беріп, олардың жеңілдікпен қоғамдық көлікте мініп жүрүіне бүкіл ел бойынша 385 миллион теңге бөлуі тіпті ұят! Ол ақшага қазір Алматыда жөні дұрыс бір коттедж сатып ала аласың ба?

Саяси позиция тұрғысынан алғанда біздің президент я халқының жағында емес, я өзінің басыбайлы партиясы «Нұр Отанның» жағында емес екен. Екеуінің дәл ортасында! Неге десеніз, халық биліктің бұрынырақ берген уәдесіне сәйкес мұғалімдер мен дәрігерлердің жалақысы 25 пайызға 1 қантардан бастап өседі деп үміттенген. «Нұр Отан» болса өз мүшелерін алдап, ол датаны 1 шілдеге шегерген болатын. Ал президент болса, осы екі мерзімнің қақ ортасын, яғни 1 сәуірді таңдапты! Ортасы емей не, енді бұл?

Бір қызығы, ОБСЕ-ге төраға елдің басшысының жолдауында саяси реформа туралы тіпті де сөз болмады! «Болары болды, бояуы сінді»,

енді не істейсіңдер дегендей!

Алайда «саяси жаңаруды» президент неліктен екені белгісіз... осы салаға үш қайнаса сорпасы қосылмайтын құқық қорғау органдарын реформалаудан бастамақ екен. Мүмкін, біздің митингілер мен жиналыстарымызда осы «погонды» күштердің қаптап жүруінің бір себебі осы болар?

Президенттің: «Барлық саяси күштер біріліп, қатан қоғамдық бақылау жасау қажет», – деген сөзімен мен толық келісемін! Шынымен де, елге саяси диалог әбден қажет. Біздің ЖСДП «АЗАТ» та осыны айтып, мемлекет басшысы өзі басқаратын Дағдарысқа қарсы кеңес құрып, оған барлық саяси партиялар кірсін деген бастама көтеріп еді. Бір қарасаң, президент те, біз де бір ойды айтып отырмыз.

Бірақ президент бұл жерде стратегиялық қателік жасап отыр. Оның мәні мынада. Ол айтқандай, «Нұр Отан» осының бәрін біріктіруші күш» бола алмайды! Игі ойдың жүзеге асуының бірден-бір кедергісі – осы қате шарт!

Бәлкім, президент диалогты қалап отырған оппозицияны өзінің тені деп санамайтын шығар. Біздерді қораштанатын шығар. Сондықтан да ол осы процесті бастауға өз партиясын, яғни сондағы орынбасарларын лайықтап отыр.

Онда диалог бастаудың тағы бір жолы бар: ол «Нұр Отан» басшылығынан кетіп, ешбір партияға тәуелді емес Елбасы бол қалу керек. Бәлкім, сонда ол барша партияға ортақ, тең мүмкіндік беретін диалогты таза мемлекеттік мүдделер түрғысынан жүргізе алар.

Алайда мен романтикаға жақын ақын болсам да, реализм ауылышынан тым алыс емеспін.

Сондықтан мұндай саяси фантастикаға сене алмаймын!

Сенгім келсе де.

**Әміржан
ҚОСАНОВ**